

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 212 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 11 қазандағы N 1011 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 қазандағы № 1192 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.10.20 № 1192 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

"Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Өртке қарсы қызмет органдарының қызметкері қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезеңінде мертіккен жағдайда оған, ал ол қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда өтемақы алуға құқығы бар адамдарға біржолғы өтемақы төлеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 212 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2005 ж., N 12, 118-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Өртке қарсы қызмет органдарының қызметкері қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезеңінде мертіккен жағдайда оған, ал ол қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда өтемақы алуға құқығы бар адамдарға біржолғы өтемақы төлеу ережесінде:

2-тармақтағы ", сондай-ақ оны аударуды алушының есебінен почта арқылы" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*